

Қазақ тілі (B2 деңгейі). 2-семестрге арналған. 11 сабақ. Екінші бөлім.

Лексикалық тақырып: Жаһандану және ұлттық тәрбие.

Грамматикалық тақырып: Қалау мәнді сөйлемнің –са(-се) игі еді, -са(-се) екен тіркесі арқылы жасалуы.

Есте сақтаңыз! Қалау рай іс-қимылды орындаушының қалауын, тілегін, ниетін білдіреді.

Жасалу жолдары:

а) етістік + (-ғы, -гі, -қы, -кі) + тәуелдік жалғауы + «кел» етістігі: Біздің сабақ оқығымыз келеді.

ә) -ғай, -гей, -қай, -кей: оқығай, келгейсің;

б) -са, -се игі еді: барса игі еді, келсе игі еді.

Жақ	-ғы, -гі, -қы, -кі, -кел	-са, -се, — игі еді	-ғай, -гей, -қай, -кей
1.	барғым келді (-еді..)	барсам игі еді	барғаймын, барғай едім
11.	барғың келді(-еді.ң)	барсаң игі еді	барғайсың, барғай
	барғыңыз келді(-еді)	барсаңыз игі еді	барғайсыз барғай едіңіз
111.	барғысы келді(-еді..)	барса игі еді	барғай, барғай еді
/.	барғымыз келді(-еді..)	барсақ игі еді	барғаймыз, барғай едік
//.	барғыларың келді(-еді)	барсаңдар игі еді	барғайсыңдар.
			барғай едіңдер
	барғыларыңыз келді (-еді..)	барсаңыздар игі еді,	барғайсыздар, барғай едіңіздер
///.	барғылары келді (-еді..)	барса игі еді,	барғай, барғай еді

Жазылым.

1–жаттығу. Төмендегі етістіктерді қалау райда жекеше және көпше түрде жіктеңіз.

Сөйлеу, демалу, жату, кету кесте

Жекеше түрі 1. Менің жаз-ғы-м келеді. Көпше түрі. Біздің жаз-ғы-мыз келеді.

2. Сенің жаз-ғы-ң келеді Сіздің жаз-ғы-ңыз келеді Көпше түрі. Сендердің жаз-ғы-ң келеді Сіздердің жаз-ғы-ңыз келеді

3. Оның жаз-ғы-сы келеді. Көпше түрі. Олардың жаз-ғы-сы келеді

2-жаттығу. Көп нүктенің орнына қажетті қалау райдың қосымшасын қойыңыз.

1. Нығметтің ауылға бар... келеді. 2. Сәрсеннің өлең айт...келіп отыр. 3. Сенің театрда жұмыс істе... келе ме? 4. Біздің оқуға түс... келеді. 5. Менің жауап бер... келіп отыр. 6. Мұғалім менен сұра... келмейді. 7. Бұл оқытушының дәрісін тыңда... келеді. 8. Бұл фильмді көр... келмейді. 9. Бұл институтта оқы... келеді. 10. Асханадан тамақ іш... келмей отыр. 11. Менің қазір жұмысқа бар... келмей отыр. 12. Баланы балабақшадан ал... келмей ме?

Қалау мәнді сөйлемнің –са(-се) игі еді, -са(-се) екен тіркесі арқылы жасалуына мәтін құрастырып жазыңыз.

Тыңдалым. Тілді дамыту.

Бұқаралық ақпарат құралдарынан «Ұлттық тәрбие» тақырыбына арналған бейне жазбаларды қарап тыңдаңыз, өз пікіріңізді білдіріңіз.

Тіл дамыту жұмысы. Фариза Оңғарсынова. Туған жер. Өлеңді жаттап алыңыз.

О, туған жер, кең пейіл, құшағың кең,
Саған көңіл бұлқынар күш-ағынмен.
Сағынышымды қанат қып саған қарай
Балапандай талпынып ұшамын мен.
Алақаны анамның — топырағың,
Сендік махаббатымның оты жалын.
Сені қалай сүюдің керектігін,
Мен ешқандай кітаптан оқымадым.
Сенде, тас та қастерлі, аспан да алау,
Сенде жанды тербетер дастан бар-ау.
Менің мынау өмірге құштарлығым
Сені жақсы көруден басталған-ау.

Кешірме сен
Жат қылықпен жаныңды жараласам,
Бар сырымды бүкпесіз саған ашам.
Мен ел кезіп кетермін отансыздай,
Үмітіңді ақтауға жарамасам.

Айтылым.

XXI ғасырда қоғам мен мемлекет дамуының басты тетігі сапалы білім беру болып отыр. Рухани, мәдени саламыздың нығаюына, адами қасиеттердің жоғарылауына, жеке адамның сапалық ерекшелігінің өрлеуіне білімнің ғана құдіреті жететіні күннен-күнге айқындалып келеді. Әрбір елдің өркендеуі, тұғырының берік болуы да білімге келіп тіреледі. Заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезовтің сөзімен айтар болсақ, «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін білім» болмақ. Қазіргі күнде білім беру саласындағы тың өзгерістер мен жаңалықтардың болуы заман талабына да байланысты болса керек. Қоғамның өз біліммен толыққанды сусындаған тұлға тәрбиелеу керектігін көрсетіп отыр. Ғылым мен техникалық прогрестің дамуы, қоғамның өзгеруі, жаһандану заманының басталуы білім мазмұнын жаңартуға мол мүмкіндіктер туғызды. Жаңа Қазақстанды құру - ең алдымен еңбекке адал, қоғамға жауапты азаматтарды қалыптастыру, осы арқылы құндылықтарды жаңарту болып табылады.

Мәтін бойынша жазған сөздік жұмысын айтыңыз.

Мәтіннің қысқаша мазмұнын айтыңыз.

Тәрбие туралы мақал-мәтелдер айтыңыз.

Сіздің ұлтыңыздың қандай ұлттық дәстүрлері бар?

11-сабақ аяқталды.